

**Мектепшілік бақылау нәтижелері бойынша
«Жас түлек-2026» тақырыбындағы аттестат тапсыру
салтанатты іс-шарасына апықтама**

Мерзімі: 16.06.2026

Тақырыбы: «Жас түлек-2026»

Мақсат: Адамгершілік құндылықтары берік негізгі бар нәтижеге бағдарланған жан-жақты тұлға қалыптасуына бағыт-бағдар беру, туған жеріне, мектебіне, ұстаздарына, ата-аналарға деген сүйіспеншілік, ризашылық сезімін дамыту.

С.Сейфуллин атындағы №5 көпсалалы мектеп лицейінің 27 түлегі үшін мектеп алаңында «Жас түлек-2026» тақырыбында аттестат тапсыру салтанатты іс-шарасы өтті. Салтанатты іс-шараның қонағы Альжанов Абай Еламанұлы және Білім бөлімі секторының меңгерушісі, мектебіміздің кураторы Азат амангельдинович келіп, түлектерге жылы лебізін білдіріп, ақ жол тіледі.

Мектебіміздің басшысы Исакова Орынбасар Сейтовна өз тілегін білдіріп, мектеп бітірген түлектерге аттестаттарын, мақтау грамоталарын берді. Түлектер өздері арнайы дайындаған би, ән, өлең жолдарын арнады. Өнерлерін көрсетті. Мектепке деген қимастық сезімдерін білдірді. Сынып жетекшісі: Рахманбердиев А.А. түлектеріне ізгі тілектерін білдіріп, ақ жол тіледі. Және сөз кезегі ата-аналарға берілді.

Мектеп түлектеріне қауіпсіздік іс-шаралары жөнінде және құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында алдын алу жұмыстары жүргізілді және ата-аналарына да мектеп бітіруші түлектердің кешінің өту ережесі таныстырылды. Кештің өтуіне байланысты, мектеп ұжымының ер азаматтары тарапынан кезекшілік құрылды. Аттестат табысталғаннан соң, оқушылар ата-аналарымен үйлеріне жіберілді.

Бақылау бойынша қорытынды: «Жас түлек-2026» тақырыбындағы аттестат тапсыру салтанатты іс-шарасы жоғары деңгейде өткізілді. Оқушылар мен ата-аналарға құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Джакенов Н.К., Насырова Б.А.